

## Жарғы

<b>Жоба атауы:</b>	Малшаруашылығы саласында кадр (шопан, сауыншы) тапшылығын шешу
<b>Бастамашылар:</b>	Баймурат Ажар – Шу ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы Малгаждаров Дияс – Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық дамыту басқармасының бас маманы Сапан Сымбат-Ветеринарлық Бақылау және Қадағалау Комитетінің Шу аудандық аумақтық инспекциясы, бас маман мемлекеттік санитариялық-ветеринариялық инспектор Көпіш Жандос - Ветеринарлық Бақылау және Қадағалау Комитетінің Байзақ аудандық аумақтық инспекциясы, бас маман мемлекеттік санитариялық-ветеринариялық инспектор Бердалиев Ермек - Меркі ауданы Сарымолдаев ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман ЭТО инспекторы
<b>Жобаның іске асырылу мерзімі</b>	2021 жылдың шілдесінен – 2022 жылдың желтоқсан айының соңы
<b>Жобаның негіздемесі</b>	<p>1. Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 21 бабының 1 тармағына сәйкес бойынша тараптар арасындағы қарым-қатынастарды заңдастыру;</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Жұмыскерлердің жекелеген санаттарының еңбегін реттеу ерекшеліктерін нақтылау;</li><li>• Еңбек Кодексіне 137-1-бабына сәйкес, тараптардың заңға негізделген әрекеттері мен міндеттерін заңдастыру, яғни,Қабылдаушы тарап Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген еңбек және демалыс режимін реттеу, тарап жұмыскерлерінің құқықтарын сақтауға міндеттеу;</li><li>• Қабылдаушы тараптың персонал беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шартты жасасу кезінде жіберуші тараптың жұмыскерлеріне қатысты еңбекке ақы төлеу саласында кемсітушілікке жол беруілеуін қамтамасыз ету;</li><li>• Жіберуші тарап жұмыскерінің өз денсаулығына немесе өміріне қауіп төндіретін жағдай туындаған кезде, бұл туралы қабылдаушы тараптың өкіліне және жұмыс берушінің өкіліне хабарлай отырып, жұмысты орындаудан бас тартуына құқығына ие болуына, сондай-ақ, Еңбек Кодексінде көзделген өзге де құқықтарының сақталуы және міндеттердің дұрыс атқарылуын қамтамасыз ету;</li></ul>

	<ol style="list-style-type: none"> <li>2. Малшаруашылық жұмысшыларын тарту және олардың статусын көтеру;</li> <li>3. Жұмыссыз жүрген малшаруашылығына қабілетті азаматтарды бағыттау;</li> <li>4. Малшаруашылығы саласындағы кадр жағдайын қолға алу;</li> <li>5. Аумақтық малшаруашылығы саласын модернизациялау.</li> <li>6. <b>Көлеңкелі экономика салдарын төмендету;</b></li> </ol>
<b>Жобаның өнімі</b>	Жеке кәсіпкер мен жұмыс іздеушінің сұранысын қанағаттандыра отырып, тараптардың жұмыскерлік қатынасын жұмыспен қамту орталығы арқылы міндеттелген негізде заңдастыру.
<b>Жобаның SMART мақсаты</b>	2021 жылғы 1 шілдеден бастап Жамбыл облысы Байзақ ауданы малшаруашылығы бойынша жұмысшыларды ( <i>шопан, сауыншы</i> ) тарту және аумақтық малшаруашылығы саласын модернизациялау бойынша шаруа қожалықтар мен жергілікті атқарушы органдарды ынтымақтастыру, малшаруашылығы саласында кадр ( <i>шопан, сауыншы</i> ) жетіспеушілігін шешу және статусын көтеру.
<b>Жобаның міндеті</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жұмыспен қамту орталығымен келісімге келу;</li> <li>2. Шаруақожалықтарымен кездесулер ұйымдастырып, таныстырма-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;</li> <li>3. БАҚ арқылы насихаттау жұмысын жүргізу.</li> </ol>
<b>Жоба сәттілігінің критерийлері</b>	Ауыл шаруашылық саласын дамыту. Айына 5-10 Шопанды (қойшы, сиыршы, сауыншы) жұмыспен қамту, жылына 120-150 жұмысшының жұмыспен қамтылуы.
<b>Стейкхолдерлер</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жұмыспен қамту орталығы</li> <li>2. Жеке кәсіпкерлер және мал шаруашылығы иелері</li> <li>3. Жұмыссыздар</li> <li>4. БАҚ қызметі</li> <li>5. Жергілікті атқарушы орган</li> </ol>
<b>Жобаның шектеулері</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жұмыссыздар деңгейін төмендету</li> <li>2. Жұмыс берушілердің заңды жұмыс жасауына ықпал ету</li> <li>3. Мал шаруашылығы саласында кадр жетіспеушілігін азайту</li> </ol>

**Жоба тәуекелдері**

1. Жергілікті атқарушы органдар бөлімдерінің коммуникация дәрежесінің төмен болуы
2. Малшылардың цифрлік технологиядан хабарсыздығы
3. Тараптардың салық төлеуден жалтаруы
4. Көлеңкелі экономиканың шырмауынан шықпауы
5. БАҚ қызметінің дұрыс атқарылмауы